

егемен

Қазықеуестан

## **Қазақстанның индустриялық тірегі: Қарағанды өңіріне Елбасы Н.Назарбаев Президент қызметіне кіріскеннен кейінгі алғашқы сапарын жасады**

Президенттің биылғы алғашқы жұмыс сапарын Қарағанды облысынан бастауының нышандық белгісі бар. Өйткені, нақ осында Мемлекет басшысы өзінің еңбек жолын бастап, басшы және саяси қайраткер дәрежесіне көтерілді. 1960-1969 жылдары Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеп, осында политехникалық институтты бітірді. Бірнеше жыл Қарметкомбинатта партком хатшысы, кейін облыстық партия комитетінің хатшысы болды. Демек, Қазақстанның индустриялық тірегі Нұрсұлтан Назарбаевқа етене жақын. Бұл өңірде Президент халықтың айрықша қолдауына ие болып отыр. Қарағандылықтардың өткен Президент сайлауында өз жерлестері Нұрсұлтан Назарбаевты жақтап іс жүзінде бірауыздан дауыс беруі кездейсоқ емес.

Соңғы бес-алты жылда Қарағанды өңірі жұрттың көз алдында түледі. Өндірісті өңірдің үлкен өзгерістерге батыл бет бұруы, экономиканы жеделдетіп дамытуға кең құлаш ұруы осы кезеңнен өрбиді. Ол ұтқыр ізденістермен, ұлан-ғайыр істермен ерекшеленген уақыт екенін мойындамау мүмкін емес. Өмірдің барлық саласында елеулі жетістіктер елорданың іргесіндегі Нұрадан бастап алыстағы Ұлытауға дейінгі өлкенің бүгінгі кең тынысынан сезіледі. Күш-қуаты кемелденіп, алар асулары биіктеген Қарағандыдағы, Теміртау мен Жезқазғандағы, Балқаш пен Сәтбаевтағы өнеркәсіп алыптары отандық экономиканың әлеуетін айғақтап, болашаққа сенімді нығайтады. Осынау дала мен қалада заман талабына жарасты, өркенді өзгерістер “Бітер істің басына, жақсы келер қасына” делінгендей, бұл жылдарда облысқа басшылық жасаған Камалтин Мұхаметжановтың еңбегімен байланысты екендігін қарағандылықтар ризалық тұтады. К.Е.Мұхаметжановтың 1999 жылдың ортасында облысқа әкім болып тағайындалуын жұртшылық жылы қабылдады. Теміртауда еңбек жолын бастап, сонда шыңдалған, одан беріде жауапты қызметтерде ысылған, тәжірибесі толыққан ол биік сенімді абыроймен атқаруға аянбай күш-жігер салып, облыстың өсіп-өркендеуіне жаңа тыныс, өзгеріс лебін ала келді. Бұл азаматтың жақсы есімі шахтерлар мен металлургтердің, мысшылар мен құрылысшылардың, ауыл еңбеккерлерінің жадында әрдайым тұратындығы сөзсіз.

Қарағандыда Елбасы облыс активімен кездесіп, осында облыстың жаңа әкімін таныстырды. Әкім қызметіне бұрын Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып жұмыс істеген Нұрлан Нығматулин тағайындалды. Нұрлан Зайроллаұлын облыс жұртшылығы жақсы біледі. “Қарағандыоблгаз” өндірістік бірлестігінде қатардағы инженер кезінен ұйымдастырушылық әрі іскерлік қабілетімен көзге түскен жігіт жауапты міндеттерді де ойдағыдай атқарды. Жастар жетекшілігінен мемлекеттік лауазымды қызметтерге өсті.

– Нұрлан Нығматулин – сіздердің жерлестеріңіз, Қарағанды облысының түлегі, үлкен басқарушылық тәжірибесі бар. Соңғы жылдары ол Үкіметте, Астана әкімінің орынбасары, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып жұмыс істеді, соңғы лауазымында өңірлік даму мәселелерін жүргізді. Ол барлық жерде де өзін ең жауапты учаскелерде ойдағыдай жұмыс істеуге қабілетті шебер басшы ретінде танытты. Бүкіл жинақтаған тәжірибесі мен алған білімін ол енді осында, Қарағанды облысында пайдалана алатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы жаңа әкімді таныстырғанда.

2006 жылғы 19 қаңтардағы Президент Жарлығымен бұрынғы әкім Камалтин Мұхаметжанов Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі болып тағайындалған.

Мемлекет басшысы жаңа министр мен жаңа әкімнің алдарында тұрған қадау-қадау міндеттерді тұжырымдап айтты. Басқарудың үлкен мектебінен өткен К.Е.Мұхаметжановтың қоршаған ортаны қорғау ісін жандандырып, жетілдіруге, біліктілігі мен тәжірибесі мол Н.З.Нығматулиннің облыстың дамуын одан әрі биік деңгейге көтеруге күш салатындықтарына сенім білдірілді. Олар өз сөздерінде Елбасының биік сенімін ақтауға көп алдында уәде берді.

Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаевқа қарағандылықтар атынан ардагер ақсақал өзінің ыстық ықыласқа толы тілектерін білдірсе, әкімдіктің холында Президентті жергілікті талантты жастар күтіп алды.

**ҚАРАҒАНДЫ.**

*Авторы: Айқын НЕСІПБАЙ.*